

2-бөлім – Қозғалыс және спорт ойындар	Мектеп: №8 жалпы білім беру орта мектебі	
Күні: 02.11.2020ж	Мұғалімнің аты-жөні: Жанкулиев Ж	
Сынып: 3 «и»		
Сабақтың тақырыбы	Акробатикалық жаттығулар реттілігі	
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	қозғалыс әрекетіндегі дене қыздыру және қалыпқа келтіруді көрсету	
Сабақ мақсаттары/ бағалау критерии	Барлық оқушылар орындай алады:	
	- Денені қыздыру және қалпына келтіру жаттығуларының кешенін құра алады; - Акробатикалық жаттығулар кезінде қауіпсіздік ережесін сақтай алады; - Кең-ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын және орындалу реттілігін түсінеді.	
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады:	
	Кең ауқымдағы қимыл-қозғалыс комбинацияларын және олардың орындалу реттілігін көрсете біледі	
Бағалау критерийлері	- Кең ауқымдағы дене жаттығуларының тактикаларын, стратегияларын және композициялық идеяларын анықтайды. - Жеке орындалатын жаттығулар жинағын көрсетеді және бағалай біледі.	
Тілдік мақсаттар	Жеке, жұптық, топтық гимнастикалық жаттығуларын, композициялық элементтер тапсырмаларын талқылайды, және көрсетеді. Пәнге тән лексика мен терминология: - Тепе-теңдік, айналу; - Алға-артқа аунау; - Тәуекел, қауіпсіздік; - Акробатикалық сайман; - Байланыс, реттілік, топ қалыптастыру; - Акробатикалық төсеніш	

Құндылықтар	Өмір бойы үздіксіз білім алу. Оқуға деген ықыласын арттыру, денені сжәне ақыл-ойды үздіксіз дамыту арқылы оқушының бойына сіңіру. Ынтымақтастық. Жылы қарым-қатынасты орнату, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру. Академиялық шындық. Басқа адамдардың ойлары мен идеяларын құрметтеу, академиялық шындықтың
Пәнаралық байланыс	Жаратылыстану, математика, музыка, технология
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Бейнероликтер көрсету
Алдыңғы білім:	Акробатикалық жаттығулар дағдылары мен білімдері. Қауіпсіздік ережесі.

Жоспар		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 6 мин 6 мин	1.Ұйымдастыру кезеңі. Оқушы мұғалімге сабаққа қатысу туралы мәлімет береді. Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі. Мұғалім сабақтың тақырыбы мен сабақ мақсатын айтады. Әрі қарай, мұғалім бағалау критерийлерін айтады, сабақтың күтілетін нәтижелері айқындалады. Күтілетін нәтижелер: - Акробатикалық техникадағы дұрыс орындалу әрекеттерін қадағалау және дұрыс орындату; - Жаттығуларды өз дәрежесінде орындауын қадағалау; - Жаттығу барысында техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау. Оқушыларды екі топқа бөліп жалпы дене	Кең , таза кеңістік әрбір әрекет үшін. Мұғалімге ысқырық.
Сабақтың ортасы 13 мин	Сынып оқушылары екі топқа бөлінеді. Топтағы оқушылар мұғалімнің көрсеткені бойынша акробатикалық жаттығуларды жеке-жеке орындайды және дұрыс орындауын қадағалау, талап ету. 1) Алға қарай аунау, артқа қарай аунау, екі қолын жерге тіреп, аяқты көтере тік ұстап аунау. 2) Аунау кезінде дененің салмағын мойынға, басқа салмау.	Акробатикалық ширату бойынша сілиеме:

7 мин	3) Алақанды жайып, екі қолды жерге тіреп, алға қарай аяқты жинап аунау. 4) Артқа аунау кезінде алақанды жайып, екі қолды жерге тірей аяқты жинап аунау. Дескриптор: - Қауіпсіздік шараларын сақтайды; - Бір-біріне құрмет көрсетеді; - Аунау техникасын біледі; - Іске асыру әдісін дұрыс көрсету; - Әріптесті сақтандырады; Саралау жүзеге асырылады. Физиологиялық сипаттамалар: ұлдар жоғары жүктеме жас айды, қыздар азырақ жүктеме жасайды. Физикалық қабілеттерге: - Оқушылар өздерінің моторикасын кеңейту үшін күрделірек жаттығулар жасауға әрекеттенеді. - Неғұрлым қабілетті оқушылар кем мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға қолдау көрсетеді. Бағалау: тапсырманы орындағаннан кейін оқушылар екі жұлдыз, бір тілек айту арқылы өткен сабаққа кері байланыс береді. Оқушыларға сұрақ қою: Жаттығуларды талапқа сай дұрыс орындау өз дәрежесінде болды ма? Ынталандырушы сұрақтар қойылып, тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағанын байқау.	Әрбір әрекет үшін кең, бос кеңістік, ысқырық, секундомер. бор
Соңы 3 мин	Рефлексия. Мұғалім оқушыларға «Баспалдақ сатысы» стратегиясын ұсынып, рефлексия жүргізеді. Оқушылар «Өз келбетінді таңда» смайликтерін іледі. Бағалау. Екі топтың бағаларын айтып, топ мүшелерін ауызша мақтап-мадақтау. Оқушылардың берген кері байланысы арқылы келесі сабақты жоспарлау. Үй тапсырмасы. - Пән терминологиясын жаттау; - Таңғы жаттығу жасау, жүгіру, кеудені жерден көтеру, пресс жасау, алға, артқа аунау.	Кең, таза кеңістік әрбір әрекет үшін. Мұғалімге ысқырық

Қосымша ақпарат

Саралау – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары	Бағалау – Оқушылардың ақпаратты	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері
---	---------------------------------	---

оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?	қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?	АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)
Қабілеті төмен оқушыларға: жеңіл тапсырмалар орындату, терминдерді жаттату. - Қабілеті жоғары оқушыларға: сөз қорын тереңдету үшін реттіліктерін құрғанда қиындығы жоғары сұрақтар қою.	Дескриптор бойынша оқушылар бір-бірін, және жеке оқушы өзін сабақ барысында бағалайды. Кері байланыс «Өз келбетінді таңда» бағалау.	Сабақта техникалық қауіпсіздік шаралары айтылады Оқушылардың өзара әрекет ету мәдениетін қалыптастыру
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	Сабақ мақсаттары мен оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды. Бүгін оқушылар акробатикалық жаттығуларды орындау ережелерін білді. Сабаққа қызығушылық танытты. Дифференциацияны жүзеге асырымды болды. Жоспарланған уақытымды ұстандым. Жоспардан ауытқу болған жоқ, өзгерістер енгізілген жоқ.	
Жалпы баға Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1: Сергіту сәтіндегі доппен ойын. 2: Акробатикалық жаттығулар кезіндегі оқушылар орындау шеберлігі Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1: Оқушылардан алған кері байланыс арқылы келесі сабақты дұрыс жоспарлау. 2: Сабақ кезінде уақытты тиімді пайдалану Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым? Сабақты бұдан да қызықты өткізуге оқушылардан алған кері байланыс.		

